

Ойыл

ЖЕҢІСТІ ЖЫЛДЫҢ

«Жеңімпаздары» тарапаймалды

АУЫЛ - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ ДЕСЕК, ТУҒАН ЕЛІНЕ, ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ, ОНЫҢ ӨМІР-ТІРШІЛІГІНЕ АРАЛАСУ, АБЫРОЙЫ МЕН БЕДЕЛІН КӨТЕРУ, ҚАСИЕТТІ ЖЕРІН МАҚТАН ТҰТУ - ӨР АДАМНЫҢ, ӨР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ПАРЫЗЫ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛ ДА ТАҒДЫРЛЫ ШЕШІМДЕРДІҢ, ЕРЕН ЕҢБЕК ПЕН ТАРИХИ ТАБЫСТАРДЫҢ КЕЗЕҢІ РЕТІНДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАРИХЫНА ЕНГЕЛІ ТҰР.

АУДАННЫҢ ТАРИХҚА ЕНГЕЛІ ТҰРҒАН ТАБЫСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҮЗДІКТЕР ЖЫЛ СОҢЫНДА АУДАНДЫҚ МӨДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕЛІ ТҰРҒАН ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН САРАЛАҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА МАРАПАТТАЛДЫ.

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

АРМЫСЫҢ,
1431 ОҚЫРМАН!



Асан қайғы Сыр бойына келгенде «Өр бұтасының түбі бір асым өт екен», – депті деген аңыз бар. Бір асым өт – қаптаған қоян, қырғауыл болса керек. Тұзақпен алып, қыранмен қағып, тазымен шалып күз, қыс мезгілінде жұрт азық қылса керек...

Әрине, қазір қоянды талғажау ететін уақыт емес. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» - қағида өткен жылға тура келген сияқты. Қашанда бұқара мен биліктің алтын көпірі, көпшіліктің айнымас серігі болған «Ойыл» газеті де ауданның жылнамасын жазуға атсалысып келеді. Әрине, бұл жолда бізге қолдау көрсеткен азаматтарға Алланың нұры жаусын деп, алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Өткенге өкпе жүрмейді. «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» - дейтініміз де сондықтан. Бірақ, шынында да біздің аудан халқының өткен жылға ешқандай өкпесі жоқ. 29 жылдан кейін кензесі кеуіп қалған Ойылымыз арнасынан асты. Негізінен мал баққан өңір болғандықтан, табиғаттың ырысына тікелей тәуелді аймақпыз. Жылдың қай мезгілі де жайлы болды. Соның есебінен ырысымызды арттырдық. «Ынтымағы берік үйге ырыс үйір» деген осы болса керек. Аудандағы мемлекеттік бағдарламалардың игілігі бір төбе. Бір ғана мысал, алдағы жазда халқының 100 пайызы таза ауыз сумен қамтылған облыстағы алғашқы аудан боламыз. Басқа салада да игілікті істер көп. Биылда алда тұрған межелі міндеттер бар...

...Қаңтарда батпан мұңмен кірген барыс қолданыстағы күнтізбе бойынша шығып кетті. Судай сырғып өте шыққан Барыс жылы еліміз үшін оңай болған жоқ. Өшпенділік өртен тұтатып, біреуді біреуге айдап салу арқылы өз бас пайдасын ғана ойлағандардың арам пиғылынан қаншама боздақ мерт болды. Алла алдарынан жарылқасын. Енді ешқашан да қаңтар қайғысы қайталанбасын. Алай-дүлей боп жатқан қиыр әлемде ең керекті бейбіт күн мен Көк тудың еркін желбірегені екенін жақсы түсіндік. Өуелі Құдайдың, сосын өзі қыли болғанымен қоянның көзі қазаққа түзу болсын, әр қазақтың қазаны асқа толсын, тыныштықтың көкжиегі ашылсын, - деп тілейміз!

Жақсы десе жан сүйсінеді! Жақсылық та аспаннан жаумайды! Ол үшін аянбай тер төгіп, адал еңбек ету керек! Бәрі жақсы болуы үшін, берекелі болуы үшін алдымен бейбіт күннің керек екеніне көршілерге қарап көз жеткізіп отырымыз. Дүрбелеңге толы дүниенің дүрмегіне ілесіп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, өткеннің ұлағатын ұғынып, алдағы мақсатқа анық қадам басу үшін бізде Қазақстан деген мемлекеттің теңіздей табысына тамшыдай үлес қосуымыз керек! Бұрынғы «мемлекет маған не береді?» - деген пиғылды ұмытып, біз мемлекеттің «кетігіне бір кіріп» болып қаланатын адал, білімді ұл-қыз беруіміз керек! Ол үшін ата-ананың тынымсыз еңбегі – ұядағы тәрбиенің бір тіні... Еліміз аман, жұртымыз тыныш, шекарамыз берік болсын! «Көжектерміз» көп болып, көбейе берейік! Қоян жылы берекелі болсын!



Алдымен аудан әкімі Елордадан жеткен марапаттарды табыстады. Яғни, Қазақстан медицина қызметкерлері қоғамының шешімімен денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісін дәрігер Әлия Баймағамбеттің кеудесіне тақса, дәрігер Әйгерім Қазиеваға «Үздік жас медицина қызметкері» төсбелгісін тапсырды. Ал, аудандық балалар кітапханасының аға кітапханашысы Гүлалым Қаллиеваға Қазақстандық кітапханашылар одағының «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісі табысталды. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов пен хатшысы Болат Бақтыгереев, аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы Зейнұр Берғалиев пен аудандық полиция бөлімінің учаскелік по-

лиция инспекторы, полиция капитаны Асланбек Есенғалиевтар «Қоғамның жаңа келбетін қалыптастыруға қосып жүрген мол үлесі үшін» Ақтөбе облысының әкімінің алғыс хатымен марапатталса, ал, Ойыл ауданы әкімінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №64 әкімі негізінде «Ойыл АУДАНЫНЫҢ ЖЫЛ АДАМЫ – 2022» атағы ауданның денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Ойыл аудандық ауруханасының хирург дәрігері Бағдат Көптілеуовке, гір спортынан өткен әлем чемпионатында 63 салмақ дәрежесінде күміс жүлдегері атанып, көрсеткен жоғары жетістігі үшін спорт шебері Айтқали Балтабаевқа және жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» атты V республикалық зияткерлік конкурсының жеңімпазы атанып, көрсеткен жоғары жетістігі үшін Құрман орта мектебінің 10 класс оқушысы Санат

Бөгенбаевқа берілді. Ауданның мәдениет саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ақмарал Наурызова, ауданның мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Бөкенбай Жалғасбаев, ауданның егіс шаруашылығының дамуына қосқан зор үлесі үшін «Атамекен» шаруа қожалығының төрағасы Жалғас Сидағалиев, ауданда мемлекеттік жастар саясатын жүргізудегі абыройлы еңбегі үшін Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізгарина, мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту бағытында атқарған қажырлы еңбегі үшін Ойыл ауданының психологиялық-педагогикалық түзетім кабинетінің емдік дене шынықтыру нұсқаушысы Медет

Есбосынов, Аудан халқына қызмет көрсетудегі қажырлы еңбегі үшін Ойыл ауылдық округінің мал күтушісі Жанғали Ботақараев, аудан халқын сапалы жергілікті көкөністермен қамтамасыз етудегі қажырлы еңбегі үшін жеке кәсіпкер Людмила Шестаковалар Ойыл ауданы әкімінің сыйлығына ие болды. Ауданның білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Құрман орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Ақтоты Қыстаубаева, ауданның ветеринария саласындағы абыройлы еңбегі үшін ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы Гүлжайнар Сұлташева, әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қажырлы еңбегі үшін Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері Нұрперзент Жүсіп, ауданның мө-

дениет саласындағы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі үшін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының кіші қызметкері Бақтылеу Құрманғалиев, ауданның білім саласындағы абыройлы еңбегі үшін Ойыл аграрлық колледжінің кадр инспекторы Ардақ Мұратова, ауданда табиғи және технологиялық жетілген тағамдардың алдын-алудағы қажырлы еңбегі үшін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Дәурен Өлғасыров, ауданның кәсіпкерлік саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін «Томирис» шағын жартылай өнім шығаратын кәсіпорын басшысы Салтанат Қалдығұлова, «Қаракез» көлік жуу нысанының басшысы Бауыржан Өгізбаев, «Мұрагер» ет-көкөніс, азық-түлік дүкенінің басшысы Өркен Ақедіповтер марапатталды. Мерекелік салтанат соңы аудандық мәдениет үйінің концертімен жалғасты.



ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 29 желтоқсан

№14

Ойыл ауылы

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша аумақтық сайлау округтерін құру туралы

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14 бабының 6 тармағына, 21 бабының 4 тармағына және 22 бабына сәйкес және «Сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын айқындау туралы» Орталық сайлау комиссиясының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 21/323 қаулысының негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
- Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша қосымшаға сәйкес шекараларда 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері құрылсын.
 - Қаулы Ойыл аудандық мәслихатына жіберілсін.
 - Осы қаулы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.
 - Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізіледі.

Комиссия төрағасы:
Комиссия хатшысы:

Б.Т.Бисекенов
Н.Б.Кенжебеков

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының
2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қаулысына
№1 қосымша

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ БОЙЫНША АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

к/с	Сайлау округтерінің нөмірі
1	№1 сайлау округі
2	№2 сайлау округі
3	№3 сайлау округі
4	№4 сайлау округі
5	№5 сайлау округі
6	№6 сайлау округі
7	№7 сайлау округі
8	№8 сайлау округі
9	№9 сайлау округі
10	№10 сайлау округі
11	№11 сайлау округі

АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 29 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №14 ҚАУЛЫСЫНА №2 ҚОСЫМША

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округтерінің шекаралары

- № 1 сайлау округі

Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 69, «Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ
төл. 8 71332 2-10-20

Ойыл ауылының шекарасында: Бейсұлпа Құрманғазин көшесі - 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43,45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1,65/2;

Шернияз Жарылғасұлы көшесі – 40, 42, 44, 46, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87;

Көкжар көшесі - 22, 25, 29, 31, 32А, 38, 39,40,41, 44,45, 48, 53,54,55, 57, 64;

Шығанақ Берсиев көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24/1, 24/2, 25, 26, 27, 30, 31, 33, 34, 35,36, 38, 40, 43, 45,50, 52, 54;

Байсалбай Жолмырзаев көшесі - 2, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 23, 24, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42/1, 42/3, 42/4, 42/5, 42/6, 42/8, 42/9, 42/10, 42/11, 42/12, 42/13, 42/14, 42/15, 42/16, 42/17, 42/18, 42/20, 42/21, 42/22;

Ахметжан Қойшығұлов көшесі - 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30;

Ойыл ауылдық округі Екпетал ауылының шекарасында.
- № 2 сайлау округі

Ойыл ауылы, Құрманов көшесі 70, «Ойыл аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ төл. 871332 2-11-05

Ойыл ауылының шекарасында: Исламғали Құрманов көшесі - 47, 51,53,55, 59/1, 59/2, 61/1, 61/2, 63/1,63/2,65, 67, 69/1, 69/2, 71, 73, 75, 77/1, 77/2, 78 «а», 79/1, 79/2, 80, 81, 81«а», 82, 83, 84/1, 84/2, 85, 87, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108;

Ахметжан Қойшығұлов көшесі - 31, 32, 33, 35, 36, 36 «А», 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2;

Абай Құнанбаев көшесі - 20,21,22,23,24,25/1, 25/2, 25/3, 25/4,26,27,29,31;

Құрманғазы Сағырбаев көшесі - 2, 3,4, 6, 9, 13, 15, 19, 31, 33;

Ойыл ауылдық округінің Қаракемер және Ақшатау ауылдарының шекарасында.
- № 3 сайлау округі

Ойыл ауылы, Шернияз көшесі 49, «Ойыл ауданы өкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ телефон: 871332 2-20-37

Ойыл ауылының шекарасында: Шернияз Жарылғасұлы көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28,29, 30, 31, 32, 33, 34, 36,37, 38, 39, 41, 43, 45, 47;

Бейсұлпа Құрманғазин көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13,14, 15, 16 ;

Көкжар көшесі - 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 26, 28, 30;

Исламғали Құрманов көшесі -1, 2, 8, 10, 12, 13, 15;

Сауытбай Масатов көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 50, 52, 56, 58, 62, 64;

Ишанбай Қарақұлов көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43/1,43/2,46,53,54,56,57,58,60, 62,66,68,70,72;

Николай Оноприенко көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20,21,22,22«А»,27;

Ұмбет Дүсіпов көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 12, 16, 18;

Муса Төлебаев көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17, 18,19, 21, 23, 26, 28,30,32«А»,937;

Отар Қлипанов көшесі - 1/1, 1/2, 2, 2 «А», 4, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 12, 13, 14, 15, 16/1, 16/2, 18/1, 18/2, 19,21, 22.
- № 4 сайлау округі

Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі ,11, "Ойыл аудандық педагогикалық-психологиялық түзетім кабинеті" КММ телефон: 871332 2-20-61

Ойыл ауылының шекарасында: Шернияз Жарылғасұлы көшесі - 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105 «А», 106, 107, 107 «Б», 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125«А»,127/1,127/2,127/3,129,133,135,137,139,145,147;

Көкжар көшесі – 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 124, 125, 126;

- Абай Құнанбаев көшесі – 1/1, 1/2, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19;
- Аманкелді Иманов көшесі – 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9;
- Бауетдин Бақаев көшесі - 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30,31,32,33,35/1,35/2,36,37,3 8,39,41,43,45;
- Нұрсұлу Тапалова көшесі - 1, 2, 3, 4, 6/1, 6/2, 7, 8/1, 8/2, 9, 10/1, 10/2, 11, 12/1, 12/2,12/3,13,1 3«А»,14,15,16,17,18,20,22,24,25,28,30;
- Дауылбай Медетбаев көшесі - 1, 2, 2 «А», 3, 4, 5, 6, 7;
- Нұрпейіс Байғанин көшесі -1,2,3,4,5,6,7,9/1,9/2;
- Әлия Молдағұлова көшесі - 1, 2/1, 2/2, 2/3, 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8;
- Қуаныш Ержанов көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27,29, 31,33;

- № 5 сайлау округі
- Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі, 19, "Ойыл аудандық дене шынықтыру-сауықтыру көшені" КММ,телефон: 871332 72-0-09
- Ойыл ауылының шекарасында: Исламғали Құрманов көшесі - 16, 17, 18, 19, 23, 24, 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 48, 50, 52,56,58/1, 58/2, 60/1, 60/2,62/1, 62/2, 62/3, 64, 66, 68, 74, 76;
- Сәлкен Деуленов көшесі - 1, 3, 4, 6, 7, 9, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 24/1, 24/2, 25, 26,27, 29, 33, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2;
- Амантұрлы Екібаев көшесі - 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52.
- Аманкелді Иманов көшесі - 6/1, 6/2, 8/1, 8/2,10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13 «А»,14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28;
- Ыбырай Алтынсарин көшесі - 1/1, 1/2, 1/3, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 7, 11, 13, 13 «А»; 153/1, 153/2, 155/1, 155/2, 157/1, 157/2;
- Шүкір Еркінов көшесі - 1, 2а, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8, 8а, 9, 9а, 9б, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 12, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13а, 14, 15/1, 15/2, 15/3, 16, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 30, 31, 34, 35, 36, 37, 38, 39 «А», 40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59;
- Қаныш Сәтпаев көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 11 «А», 13,14, 15 16, 17,20, 21, 22 «А», 24, 25, 26, 28, 29, 31,32, 35, 36, 38;
- Әль-Фараби көшесі – 1, 2, 3, 4, 7, 8, 10, 11, 13, 19, 20, 22, 26, 27, 30, 32, 34, 35, 36, 46, 128;
- Асанқайғы жырау көшесі – 5, 16, 34, 38.
- Желтоқсан көшесі - 1, 1 «А», 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13/1,13/2, 15/1, 15/2, 19/1, 19/2,21,23,24,26;
- Тәуелсіздік көшесі - 9, 11, 15, 17, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26,27/1, 27/2,29, 30, 31,36, 38, 41,43
- Тұрғали Қаңтарбаев көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11/1,11/2,12,13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1,17/2,18,19/1, 19/2, 20, 21/1,21/2, 22, 23, 24,26, 48,49.
- Халел Досмұхамедұлы көшесі

- № 6 сайлау округі
- Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі ,4, "Берсиев орта мектебі" КММ, төл. 8 71332 37-5-46
- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің Қаратал және Қарасу ауылдарының шекараларында.
- № 7 сайлау округі
- Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі, 4, "Құрман орта мектебі" КММ, төл. 8 71332-74-5-44
- Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай, Аманкелді, Қарасу ауылдарының шекараларында.
- № 8 сайлау округі
- Сарбие ауылы, Өйтекеби көшесі , 18, «Сапақкөл орта мектебі» КММ, телефон: 871332-35-2-15
- Сарбие ауылдық округінің Сарбие ауылы және Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылының Абай көшесі – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,10/1,10/2,12/1,12/2,14,16,18;
- Қазақстан көшесі – 2/1,2/2,3,4,6,8,9,10/1,10/2,11,12,14,15/1,15/2,17/1,17/2,19/1,19/2,24,26, 27,28,29,30,31,32,33,34,35,36,37,39,41; шекараларында.
- № 9 сайлау округі
- Қараой ауылы , Жасқайрат көшесі, 26, «Қараой мектеп-балабақшасы», телефон: 871332 73-7-20
- Сарбие ауылдық округінің Қаракөл көшесі мен Қараой ауылдық округінің Қараой, Құбасай ауылдарының және Саралжын ауылдық округінің Шикұдық ауылының шекараларында.
- № 10 сайлау округі
- Кемер ауылы, Кеңес көшесі, 2, «Ө. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» КММ, телефон: 871332-74-1-41
- Саралжын ауылдық округінің Кемер, Қоңырат, Бестамақ, Ақкемер ауылдарының шекараларын-да.

- № 11 сайлау округі
- Ақжар ауылы, Мектеп көшесі ,8, «Саға мектеп-балабақшасы» КММ, телефон: 871332 74-8-19
- Қайыңды ауылдық округінің Ақжар, Көсембай ауылдарының және Ш.Берсиев атындағы ауыл-дық округтің Құмжарған ауылының шекараларында.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 29 желтоқсан

№15

Ойыл ауылы

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларын құру туралы

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы-ның 10 бабының 3 тармағына сәйкес, Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 «Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша аумақтық сайлау округтерін құру туралы» қаулысына негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
- Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша тиісті бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінде 11 округтік сайлау комиссиялар құрылсын.
 - Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау окру-гінің округтік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру үшін осы қаулы Ойыл аудандық мәслиха-тына жіберілсін.
 - Осы қаулы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.
1. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізіледі.

Комиссия төрағасы:
Комиссия хатшысы:

Б.Т.Бисекенов
Н.Б.Кенжебеков

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының
2022 жылғы 29 желтоқсандағы №15
қаулысына №1 қосымша

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БІРМАНДАТТЫ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ МЕН ОЛАРДАҒЫ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

к/с	Округтік сайлау комиссияларының нөмірі	Комиссия мүшелерінің саны
1	№1 округтік сайлау комиссиясы	5
2	№2 округтік сайлау комиссиясы	5
3	№3 округтік сайлау комиссиясы	5
4	№4 округтік сайлау комиссиясы	5
5	№5 округтік сайлау комиссиясы	5
6	№6 округтік сайлау комиссиясы	5
7	№7 округтік сайлау комиссиясы	5
8	№8 округтік сайлау комиссиясы	5
9	№9 округтік сайлау комиссиясы	5
10	№10 округтік сайлау комиссиясы	5
11	№11 округтік сайлау комиссиясы	5
Барлығы		55

ОҒЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң) 10-бабына сәйкес Ойыл аудандық мәслихаты Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Округтік сайлау комиссиясы бес мүшеден тұрады. Сайлау комиссиясының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлға сайлау туралы Конституциялық Заңның талаптарына сай болуы тиіс. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлғалар оның жұмысына қатысуға келісім беру туралы өтініштерді қоса береді. Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың жоғары тұрған құрылымдық бөлімшелері құрылатын сайлау комиссиясына қатысты 2023 жылдың 2 қаңта-

рынан бастап 16 қаңтарына дейін (дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін, үзіліс сағат 12:30-ден 14:00-ға дейін) аралықтағы кезеңде мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады: 1) сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматында; 2) тиісті сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4)кандидаттардың белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері.

Сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған (<https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=kk>).

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орна-

ласқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық Заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болуға тиіс емес.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы:
Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.
Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефон: 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

ОКРУГТІК КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

қ/с	Округтік сайлау комиссияларының нөмірі	Бос орындар саны
1	№1 округтік сайлау комиссиясы	5
2	№2 округтік сайлау комиссиясы	5
3	№3 округтік сайлау комиссиясы	5
4	№4 округтік сайлау комиссиясы	5
5	№5 округтік сайлау комиссиясы	5
6	№6 округтік сайлау комиссиясы	5
7	№7 округтік сайлау комиссиясы	5
8	№8 округтік сайлау комиссиясы	5
9	№9 округтік сайлау комиссиясы	5
10	№10 округтік сайлау комиссиясы	5
11	№11 округтік сайлау комиссиясы	5

Ескертпе: Осы хабарлама Ойыл аудандық мәслихатының сайтында 2022 жылдың 30 желтоқсанында жарияланғандығы ескертіледі.

ОҒЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 28желтоқсанынан бастап 2023 жылдың 11қаңтарға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының

құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы

керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы,мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2023 жылдың 11 қаңтарға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-гедейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы:
Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефон: 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының нөмірі	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№389	1
№390	1
№400	3
№568	5
№569	5

Ескертпе: Осы хабарлама Ойыл аудандық мәслихатының сайтында 2022 жылдың 28 желтоқсанында жарияланғандығы ескертіледі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефондары: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) Уилский районныймаслихат сообщает о формировании составов окружных избирательных комиссий поодномандатным территорияльным избирательным округам по выборам депутатов Уилского районногомаслихата.

Окружная избирательная комиссия образуется в составе пяти членов. Срок полномочий избирательной комиссии составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

Лица, предлагаемые в состав избирательной комиссии, прилагают заявления о согласии на участие в ее работе.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к

формируемой избирательной комиссии в период со2 по 16 января 2023 года (с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов), представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательной комиссии, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии размещены на сайте маслихата (<https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=ru>).

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориаль-

ной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата:
Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Досов Мынжасар Кемалханұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ В ОКРУЖНЫЕ КОМИССИИ:

п/п	Номер окружных избирательных комиссий	Количество вакансий
1	Окружная избирательная комиссия №1	5
2	Окружная избирательная комиссия №2	5
3	Окружная избирательная комиссия №3	5
4	Окружная избирательная комиссия №4	5
5	Окружная избирательная комиссия №5	5
6	Окружная избирательная комиссия №6	5
7	Окружная избирательная комиссия №7	5
8	Окружная избирательная комиссия №8	5
9	Окружная избирательная комиссия №9	5
10	Окружная избирательная комиссия №10	5
11	Окружная избирательная комиссия №11	5

Примечание: Данное уведомление опубликовано на сайте Уилского районного маслихата 30 декабря 2022 года.

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 28 декабря 2022 года по 11 января 2023 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в

состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4)заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной

организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 11января 2023 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата:
Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Досов Мынжасар Кемалханұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Номер учасковых избирательных комиссии	Число вакантных мест
№389	1
№390	1
№400	3
№568	5
№569	5

Примечание: Данное уведомление опубликовано на сайте Уилского районного маслихата 28 декабря 2022 года.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефондары: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1431 дана. Тапсырыс 11 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН «ӘКІМ ШЫРШАСЫ»



Жаңа жыл – әр баланың жыл бойы асыға күтетін ерекше мерекесі. Балдырғандарды сиқырлы ертегілер әлеміне жетелейтін бұл күн биыл да аудан бүлдіршіндерін ерекше күйге бөлеп, жылдағы дәстүрге сай аталып өтті. Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен әкім шыршасына ауыл, аудан орталығындағы мектептерден 56 оқушы қатысты. Балаларға кеңінен таныс ертегі кейіпкерлері, мерекенің басты кейіпкерлері барыс пен қоян, жаңа жылдың символына айналған Аяз ата мен Ақшақар шырша қуанышын бірге бөлісіп, жиналғандар түрлі сахналық қойылымды тамашалады. Балалардың қуанышына аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ортақтасып, бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде: *«Еліміздің жарқын болашағы, ата-аналарыңның бақыты мен*

қуанышы да өздерің. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңыздар! Бүгінде жасампаз істердің барлығы сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін жасалуда. Келер жылда ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақ тілек-ниеттеріңіз орындалсын. Келер жыл әр отбасына баянды бақыт, сарқылмас қуаныш сыйласын!»-деп, бүлдіршіндердің асыға күткен жаңа жылдық сыйлықтарын таратты. Сонымен қатар жаңа жылдық сыйлыққа ауданның дамуына өз үлесін қосып жүрген жерлесіміз, «Анвар» ЖШС-нің бас директоры Талғат Салфиков 150 оқушыға демеушілік жасады. Жасыл шырша жанына жиналған ертегі кейіпкерлері ғажайыпқа толы қойылымдар көрсетсе, бүлдіршіндер ән-жырдан шашу шашып, би билеп, өнерлерін ортаға салды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

САБИНА-«ЕЛБАСЫ МЕДАЛІНІҢ»ИЕГЕРІ



Жуырда Ойыл ауданының білім бөлімінде азаматтық ұстанымы жоғары және патриоттық белсенділігін танытқан Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Сабина Ертай «Елбасы медалі» ерекшелік белгісімен марапатталды. «Елбасы медалі» жобасы - өске-лер ұрпақты тәрбиелеуге және олардың үйлесімді жетілуіне мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың белсенді, шығармашыл және талантты жастарды қолдауы. Аталған медаль иегерлері жоғары оқу орындарына білім грант-

тарын тағайындау кезінде артықшылыққа ие болады. Яғни талапкерлердің ҰБТ балдары тең болған жағдайда «Елбасы медалінің» бағдарламасы иегеріне басымдық беріледі. Бүгінде жастардың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. «Елбасы медалі» бағдарламасы – бұл білімді жетілдіруге және тұлғалық өсуге бағытталған бірегей жоба. Жоба қатысушылардың талантын ашуға көмектеседі, олар білімге ұмтылады, қоғам өміріне белсенді араласады, болашақта өмірде пайдалы болатын тәжірибе жинайды. Жарайсың, Сабина!

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА 2023 ЖЫЛ!»



Өткен апта аудан жұртшылығы Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақта жаңа жыл мерекесін қарсы алды. Орталық саябақ алаңы адам қарасына толды. Бөріне таныс ертегі кейіпкерлері бас шыршаның жағылу салтанатына жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлап, мекеме ұжымдары әзірлеген түрлі қойылымдармен жалғасты.

Шаттыққа бөлеген мерекеде аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудан тұрғындарын келіп жеткен жаңа жылмен құттықтап, әрбір шаңыраққа амандық, құт-береке тіледі. Сонымен қатар Қазыбек, Минамин аталар ақ батасын берді. «Қош келдің, жаңа 2023 жыл!» атты мәдени көпшілік шараның соңы мерекелік от шашумен аяқталды.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ К Е С Т Е С І

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Қаңтар айының 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан айының – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз айының – 2, 9, 16 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2023 ЖЫЛДЫҢ 1- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ К Е С Т Е С І

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 10, 17, 24, 31 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 7, 14, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 1, 15, 29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Қаңтар – 6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 3, 10, 17, 24, 31 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2023 ЖЫЛ: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІН ТҰР?

Алдағы жылы елімізде бірқатар өзгерістер болады. Жаңа бастамалар мен заңдар күшіне енеді. Солардың ең маңыздыларының бірі – Мемлекет басшысы Конституциялық заңға қол қойды. Оған сәйкес, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Президенттің өкілеттік мерзімі шектеліп, саяси партияға мүше болуы тоқтатылады. Сондай-ақ, жақын туыстарының саясатта және квазимемлекеттік секторда лауазымды қызметтер атқаруына тыйым салынады. Мәжілісті құру тәртібіне де өзгеріс енгізіледі. Енді Мәжілістің 69 депутаты партиялық тізім бойынша, 29-ы бір мандатты аумақтық округтер бойынша сайланады. Қазақстан Халқы ассамблеясының Мәжілістің квотасы алынып тасталады. Парламенттегі заң шығару процесі де өзгереді. Енді Мәжіліс заңдар қабылдайды, ал Сенат оларды бекітеді. Бұл ретте палаталар арасындағы тежеу мен тепе-теңдік тегі қарастырылған.

Алдағы жылдан бастап Қазақстанда аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өтетінін де айта кеткен жөн. Бұл өзгеріс басында пилоттық режимде іске қосылады. Жалпы 2023 жылы 34 заң жобасы әзірлеу жоспарланған. Жасында өткен Үкімет отырысында ҚР Әділет министрі Қанат Мусин алдағы жылы әзірленетін заң жобаларының 15-і бірінші жартыжылдықта, 19-ы екінші жартыжылдықта Парламентке ұсынылуы тиіс екенін айтқан болатын. Сондықтан алдағы жыл өзгеріске толы болатыны анық. Сонымен, Мемлекет басшысы айқындаған міндеттер мен мемлекеттің стратегиялық құжаттары негізінде 2023 жылы Қала құрылысы кодексі мен Бюджет кодексі, жер қойнауын пайдалану, мемлекеттік-жекешелік өріп-тестік, көші-қон, мемлекеттік сауып алу, салық салу мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, сондай-ақ әкімшілік сот төрелігін, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік заңнаманы жетілдіру көзделген.

Сонымен қатар, Су кодексін, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, бұқаралық ақпарат құралдарына және аквакультураға қатысты жаңа редакциядағы заң жобаларын әзірлеу жоспарланып отыр. 2023 жылдан бастап кәсіпкерлік саласында да бірқатар өзгерістер күтілуде. Атап айтсақ, бұрын табыс салығын 3 пайыздық мөлшерлемемен төлеп жүрген кәсіпкер үшін салық тәртібі өзгереді. 1 қаңтарда күші-

не енетін қаулыға сәйкес, арнаулы салық жүйесі тек бір ғана қызмет түріне қолданылады. Жеңілдетілген салық жүйесі дағдарысқа қарсы қолданылған шара еді. Сол арқылы билік көптеген кәсіпкерлік нысандарды жабылудан сақтап қалмақ болды. Нәтижесінде жаңа салық жүйесіне 114 қызмет түрі енгізілді. Ал 2023 жылдан бастап бөлшек салық режимі тек қоғамдық тамақтану қызметі үшін қолданылады. Саладағы тағы бір өзгеріс – келер жылы жастарға жеңілдетілген несие беру басталады. Жеңілдетілген 2,5%-дық несие мөлшері – 5 млн теңгеге дейін. Берілу мерзімі – 5 жыл. Егер қарыз ауыл шаруашылығын жүргізу мақсатында немесе ірі қара мал, жылқы асырау үшін алынса, онда 7 жылға дейін беріледі. Несие алған жастарға 1,5 жылға «каникулярлық кезең» ұсынылады, яғни, аталған уақытта олар ай сайынғы жарна төлеуден босатылады. Жастарды қолдау мақсатында нарық сұранысына қарай мерзімді оқыту жұмыстары да жүргізіледі. Жобаның аясында азаматтар жаңа мамандық меңгеріп, оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналаса алады. Қазіргі таңда мемлекет субсидиялайтын жұмыспен қамтылған азаматтардың 36%-ы жастар.

2023 жылы жас өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жалақысын 70%-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Сондай-ақ, мектептер, колледждер мен балабақшалар педагогтарының жалақысы 25%-ға өседі. Мұғалімдер алатын жалақыға қосымша төлемдер белгіленеді. Денешынықтыру мұғалімдеріне сабақтан кейін қосымша спорт секциялары өткізгені үшін ай сайын қосымша ақы төленеді. Жалпы, білім саласын алдағы жылы ауқымды өзгерістер күтіп тұр. Бұл өзгерістер туралы ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында айтқан болатын. Алдағы жылы мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыруға ерекше назар аударылады. 2021 жылдан бастап педагогикалық жұмысқа тұру үшін сертификаттау енгізілді. Диплом жұмысқа тұру үшін енді жеткіліксіз, міндетті түрде өз пәні және әдістеме бойынша тәжірибеден өту қажет. Енді біліктілігін арттыру 5 жылда емес, 3 жылда бір рет болады. Директорлардың кадрлық резерві қалыптасады, білім беру ұйымдарының директорларын ротациялау тетігін іске асыру жалғасады. Сонымен қатар білікті кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру үшін «Педагог» жаңа кәсіби стандарты

енгізіледі. Сондай-ақ, келесі оқу жылынан бастап 5-8 және 10-сынып оқушылары қазақ тілінен емтихан тапсырады. Бұған дейін емтиханды тек 9 және 11-сынып оқушылары ғана тапсыратын. Олар да осы пәннен емтихан тапсыруды жалғастырады. Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, келесі жылы ҰБТ тапсыруда да өзгерістер болады. Талапкерлерге «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5 тест тапсырмасы қосылады. Ал, бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларындағы нұсқалар саны 5-тен 4-ке дейін қысқарады. Ал бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларындағы нұсқалар 8-ден 6-ға дейін азаяды. 2023 жылдан бастап балабақшалар білім беру сапасын өздері бағалай алады. Қазіргі таңда Балабаларды ерте дамыту институты нақты педагогикалық процесі бағалауға байланысты өлшем шарттарды сынақтан өткізіп жатыр. 2023 жылдан бастап ол барлық балабақшаға өзін-өзі бағалау құралы ретінде ұсынылады. Елеулі өзгерістер әлеуметтік салада да күтілуде. Айталық, келер жылы әлеуметтік төлемдер бір әмиянға есептелетін болады. Салалық министрлік әлеуметтік әмиян Ұлттық банк пен банктер тарапынан осы тетікті енгізу жұмыстары аяқталғаннан кейін мүмкін болатынын айтқан. Іске қосылған соң әлеуметтік-еңбек саласына мемлекеттік қолдаудың барлық төлемдері әмиян арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде бір жасқа дейінгі бала күтімі, жұмысынан айырылу бойынша жәрдемақылар және басқалар бар. Бұған дейін қазақстандықтар әлеуметтік әмиянды былғы жылдан пайдалана алады деп күтілген еді.

Сондай-ақ, Үкімет 2023 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы қаулыны қабылдады. Бүгінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемнің бес түрі беріледі. Олар: асыраушысынан айырылу, жүктілік пен босану, жұмыссыз қалу, бала күтімі мен еңбекке қабілеттіліктен айырылу. Соның ішінде еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшері 8,5%-ға артады. Бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұлғайтылады. Тиісті мақсатқа республикалық бюджетте қосымша 183,5 млрд

теңге қарастырылмақ. Жұмыс істейтін ата-аналарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді есептеу алгоритмі де түзетілді. Бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1 жастан 1,5 жасқа дейін арттыру жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де ата-аналарға қатысты болады. Бүгінде 552 мыңдай жұмыс істейтін және 60 мыңнан астам жұмыс істемейтін ата-ана бар. Бұл ретте жұмыс істейтін ата-аналарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан олардың жалақысының 40%-ы мөлшерінде төлем төленеді. Мамандар атап өткендей, азаматтың табысы және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу тәжірибесі неғұрлым көп болса, соғұрлым әлеуметтік төлемдердің мөлшері де жоғары болады. Айта кету керек, бала күтімі бойынша төлем мерзімін ұлғайту – қазақстандық балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар кешенінің бір бөлігі ғана. Мәселен, 2023 жылдан бастап, «Алтын алқамен» марапатталғандарға немесе бұрын «Батыр ана» атағын алғандарға, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені табысталғандарға берілетін жәрдемақы мөлшері 6,4 АЕК-тен 7,4 АЕК-ке дейін ұлғаяды. Бұл ретте «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иелеріне «Марапатталған аналар» деген жаңа мәртебе беріледі. Сонымен бірге, бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдік берілген әлеуметтік пакетті монетизациялау жағы қарастырылуда. Бұл атаулы әлеуметтік көмек алатын 190 мыңнан астам отбасына әсер етеді. Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың жаңа шаралары Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасында қазірдің өзінде көрініс тапқан. Бүгінде әрбір қазақстандық үшін маңызды құжатты әзірлеу аяқталды. Жоба заңда қарастырылған келісу рәсімдерінен өтіп жатыр. Жалпы 2023 жылы әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындар 10 триллион 634 миллиард теңгені құрайды. Бұл биылғымен салыстырғанда 1 триллион 985 миллиард теңгеге көп. Шығындардың негізгі бөлігі, яғни 4 триллион 634 миллиард теңгесі әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке тиесілі. Шығындардың өсуі жыл сайынғы индексациямен және зейнетақы, жәрдемақы алушылар контингентін ұлғайтумен, мұғалімдердің, дәрігерлердің, медициналық емес қызметкерлердің және мемлекеттік қызметшілердің жалақысының артуымен байланысты.